

Байқау жеңімпазы – Қазымбековтер отбасы

«Мерейлі отбасы -2021» ұлттық байқауының қалалық кезеңі қорытындыланып, жүлдегер – жеңімпаздар марапатталды. Салтанатты шарада қала әкімі Әмірхан АСАНОВ байқауға қатысушыларға отбасылық құндылықтарды дәріптеп келе жатқандары үшін алғысын білдіріп, марапаттарын табыс етті.

Сонымен, «Мерейлі отбасы - 2021» ұлттық байқауының қалалық кезеңінде 3 орынға Мельниковтер (Восточный ауылы) және Молдабековтер отбасы (Ашутасты ауылы) лайық деп танылса, Кәдірхановтар мен Нұржановтар жанұясы жүлделі 2 орынды иеленді. Ал, Әмірғазиндер отбасының жетістігі байқаудың 1 орынына лайық деп бағаланған болса, бас жүлдені Қазымбековтар отбасы жеңіп алды. Отағасы ҚАЗЫМБЕК Қуанышбай Қабенұлы – республикалық, облыстық жыршы – термешілер байқауларының жеңімпазы, «Жамбыл Жабаевтың 150 жылдығына»



арналған республикалық жыршы – термешілер байқауының бас жүлдегері, 2010 жылғы Арқалық қаласының «Жыл адамы», «Көңілімнің айнасы» жыр жинағының авторы, 2016 жылғы әдебиет саласындағы облыстық «Қазына» меценаттар сыйлығының иесі, тіл жанашыры.

Жүлдегер – жеңімпаз жанұялардың барлығына дипломмен қоса, бағалы сыйлықтар табыс етілді. Марапаттау кешінде жүлдегер – жеңімпаз отбасылар өнер көрсетіп, жиылғандардың қожаметіне бөленді. Шараны

Арқалық қаласы әкімдігі Ішкі саясат бөлімінің мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы аясында «Жастар азаматтық бастамалар орталығы» ҚБ мен Жастар ресурстық орталығы бірлесе ұйымдастырды.

Айта кетсек, байқау жеңімпаздарын арнайы комиссия қатысушы жанұялардың қоғамдық шараларға атсалысуын, өнегелі істерін, басқа да түрлі жетістіктерін саралай келе анықтады. Ал, 1-ші орын алған ӘМІРҒАЗИНДЕР мен бас жүлде иегері ҚАЗЫМБЕКОВТЕР отбасы байқаудың облыстық кезеңінде бақ сынамақ, Сәттілік тілейміз!